



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Ыбырай Алтынсарин «Түлкі мен құмыра»

Ыбырай Алтынсарин «Түлкі мен құмыра»

Бір әйел далаға егін ора келіп, құмыраны сүтімен шөптің арасынатығып қояды. Бұны түлкі көрді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын тығып, сүтті ішіп қояды. Енді түлкі құмырадан басын шығара алмайәлек болады.

Түлкі:

- Әу, құмыра! Біраз ойнадың, жетер, жібер менің басымды?- дейді. Қалай жұлқынса да басын шығара алмайды.

Түлкі ашуланып:

- Қап, бәлем, тұра тұр, жақсылықпен қаламасаң, сені суға батырармын, – деп жүгіріп келіп, өзенге қойып кетіпті. Сөйтіп, құмырамен бірге өзі де батып кетсе керек.